



Бірлескен кәсіпорындардың, халықаралық бірлестіктер мен ұйымдардың, шетелдік заңды ұйымдар мен азаматтардың пайдалануына жол беру туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің ҚАУЛЫСЫ 1992 жылғы 3 шілде N 1516-ХІІ. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 1997.07.14. N 158 Заңымен. ~Z970158

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Бірлескен кәсіпорындардың, халықаралық бірлестіктер мен ұйымдардың, шетелдік заңды ұйымдар мен азаматтардың пайдалануына жер беру тәртібі туралы ереже бекітілсін (қоса тіркеліп отыр).

2. Қажет болған жағдайда бұл Ережеге Министрлер Кабинетінің

ұсынуы бойынша аталған мақсаттар үшін жер беру практикасын ескере отырып өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Төралқасына тапсырылсын.

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Кеңесінің
1992 жылғы 3 шілдедегі
қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасы аумағында қызметін жүзеге асыру үшін бірлескен кәсіпорындардың, халықаралық бірлестіктер мен ұйымдардың, шетелдік заңды ұйымдар мен азаматтардың пайдалануына жер беру тәртібі туралы
ЕРЕЖЕ

1. Жер учаскелері Қазақстан Республикасы заңдарында рұқсат етілген қызметті жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасы Жер кодексіне сәйкес бірлескен кәсіпорындарға, халықаралық бірлестіктер мен ұйымдарға, шетелдік заңды ұйымдар мен азаматтарға беріледі.

2. Аренда жағдайында уақытша пайдалану үшін жер бірлескен кәсіпорындарға, халықаралық бірлестіктер мен ұйымдарға, шетелдік заңды ұйымдар мен азаматтарға беріледі.

Халық депутаттарының жергілікті Кеңестері не жергілікті әкімдер жерді арендаға берушілер болып табылады.

Жерді арендау қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді болуы мүмкін. Жерді пайдалану мерзімдері мен жағдайлары тараптардың келісімі бойынша белгіленіп, шартта бекітіледі.

3. Жер учаскесін алуға мүдделі бірлескен кәсіпорындар, халықаралық бірлестіктер мен ұйымдар, шетелдік заңды ұйымдар мен азаматтар халық депутаттары ауылдық, селолық, қоныстық, (поселкелік) Кеңесіне не жергілікті әкімге өтініш жасайды, онда жер учаскесін сұрап отырғандағы мақсаты, оның шамамен алғандағы көлемі мен жерді пайдалану мерзімі көрсетіліп, бұл кәсіпорындардың, бірлестіктер мен ұйымдардың тиісті органдарға тіркелгені туралы куәліктерінің, олардың құрылтай құжаттарының, сондай-ақ пайдалы қазбалар шығарылған жағдайда кен бөлу актісінің көшірмелері немесе актіден жазып алынған қосымша тіркеледі.

Өтініштер:

жер учаскесі ауылдың, селоның, жұмысшы қонысының (поселкесінің) шекарасы шегінде орналасқан жағдайда тиісінше халық депутаттары ауылдық, селолық, қоныстық (поселкелік) Кеңеске;

жер учаскесі аудан аумағында (елді мекендердің жерінен басқа) орналасқан жағдайда аудан әкіміне;

жер учаскесі қала шекарасы шегінде орналасқан жағдайда қала әкіміне беріледі.

4. Қалалардағы, жұмысшы қоныстарындағы (поселкелеріндегі) және селолық елді мекендердегі жер учаскелерін пайдалануға беру туралы шешімді сәулет, жерге орналастыру және басқа қызметтер органдарын тарта отырып, қалаларда және басқа елді мекендерде жер беру туралы қолданылып жүрген ережеде белгіленген тәртіппен қала әкімі не халық депутаттарының жергілікті Кеңесі қабылдайды.

5. Ауыл шаруашылығын жүргізу үшін бірлескен кәсіпорындардың, халықаралық бірлестіктер мен ұйымдардың, шетелдік заңды ұйымдар мен азаматтардың пайдалануына жер беру жергілікті әкімнің не халық депутаттары

ауылдық, селолық, қоныстық (поселкелік) Кеңестің (жер учаскесінің орналасқан жері бойынша) тапсыруы бойынша жерге орналастыру қызметі әзірлейтін шаруашылықаралық жерге орналастыру жобасына сәйкес жүзеге асырылады.

6. Ауыл шаруашылығына жатпайтын мұқтаждар үшін өздерінің пайдалануына елді мекендердің шекара шегінен тыс жерден жер учаскесін беру туралы бірлескен кәсіпорындардың, халықаралық бірлестіктер мен ұйымдардың, шетелдік заңды ұйымдар мен азаматтардың өтініштерін аудан әкімі жерге орналастыру қызметі органдарының қатысуымен 10 күн мерзімде қарап, жер учаскесін таңдау туралы шешім қабылдайды.

7. Жер учаскесін таңдауды комиссия жүзеге асырады, оның құрамына Қазақстан Республикасы Жер қатынастары мен жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігі, сәулет органдарының өкілдері, учаскесі қайтарып алынатын жер иеленушілер мен жер пайдаланушылар, жер бөлуде мүдделі бірлескен кәсіпорындардың, халықаралық бірлестіктер мен ұйымдардың, шетелдік заңды ұйымдар мен азаматтардың өкілдері, сондай-ақ аудан әкімінің қалауынша басқа қызметтердің өкілдері енгізіледі.

8. Объект орналасатын жерді қолда бар агрошаруашылық, топырақ және геоботаникалық зерттеу материалдарын, жерді перспективалы пайдалану схемасын ескере отырып белгілеу жөніндегі комиссия оны бірінші кезекте ауыл шаруашылығына жарамсыз қордағы және ауыл шаруашылығына жатпайтын мақсаттағы жерге, не сапасы нашар ауыл шаруашылық алаптарына, сондай-ақ бұталар мен құнсыз ағаштар егілген ормансыз алқаптарға орналастыру мүмкіндіктерін зерттейді.

Ауыл шаруашылық мақсатындағы жерге объект орналастыру жер иеленушілер мен жер пайдаланушылардың өздеріне қалған жерді пайдалану үшін қолайсыздық тудырмайтындай етіп жүргізіледі.

9. Объект орналастыруға белгіленген жер учаскесі нақты (сол жерде) жерді алдағы уақытта қайтарып алудың экологиялық және басқа зардаптары, сол аумақ пен оның жер қойнауын пайдалану перспективасы ескеріле отырып зерттеледі.

10. Жер учаскесін таңдау актімен ресімделеді, оған ауыл шаруашылық, орман шаруашылық өндірісінің залалдары мен шығындарының есебі, мүдделі тараптармен келісім хаттамалары, жерді иелену немесе жерді пайдалану жобасының сұралып отырған жер учаскесінің шекарасы түсірілген көшірмесі, сондай-ақ таңдалған учаскеде пайдалы қазбалардың жоқ екендігі туралы тиісті құрылымдылық геологиялық бөлімшенің анықтамасы, ал олар бар болса - қадағалауды жүзеге асыратын органдардың осы учаскені игеруге рұқсаты қоса тіркеледі.

11. Жер учаскесін таңдау материалдарын жерге орналастыру қызметі әзірлеп,

объект орналасатын жерді келісу туралы шешім қабылдау үшін аудан әкіміне табыс етеді.

12. Объект қайтарып алуы атқарушы өкіметтің облыстық органының құзыретіне енетін жерге орналасқан жағдайда аудан әкімі бұл материалдарды өз шешімімен облыс әкімінің қарауына жібереді.

13. Объект орналасатын жерді және қайтарып алуға белгіленіп отырған алаңның шамамен алғандағы көлемін келісу туралы (тиісінше) аудан, облыс әкімінің шешімі жобалау-ізвестіру жұмыстарын жүргізу үшін негіз болып табылады.

Объект орналасатын жерді келісу үш жыл бойына күшін сақтайды. Аталған мерзімді объект орналасатын жерді келісу туралы шешім қабылдаған орган ұзартуы мүмкін.

Жерін бөліп алу белгіленіп отырған жер иеленушілер мен жер пайдаланушыларға бөліп алуға алдын ала белгіленген жер учаскелеріне күрделі қаржы бөлуге рұқсат етілмейді.

14. Құрылыс жобасын белгіленген тәртіппен әзірлеп, бекіткеннен кейін бірлескен кәсіпорындар, халықаралық бірлестіктер мен ұйымдар, шетелдік заңды ұйымдар мен азаматтар келісілген жер учаскесін қайтарып алу туралы және оны сұралып отырған мақсат үшін аренда жағдайында уақытша пайдалануға беру туралы жергілікті әкімге (оның құзыретіне сәйкес) өтініш жасайды.

Өтінішке:

а) жер учаскесін таңдауды келісу материалдары;

б) сұралып отырған учаскеге барлық құрылыс объектілерін орналастыру жоспарының көшірмесі;

в) жерді рекультивациялаудың (техникалық және биологиялық кезеңдердегі) жобасы немесе құрылыс кезінде топырақ қабаты бұзылатын жер учаскелерінен топырақтың құнарлы қабатын сыдырып алудың, сақтаудың және пайдаланудың жобасы;

г) техникалық зерттеу актісі (орман шаруашылығы кәсіпорындарының қорытындысымен) және егер учаскелер мемлекеттік орман қорының жерінен, оның ішінде жер иеленушілер мен жер пайдаланушылардың ормандарынан бөлініп берілген жағдайда ағаш топтарының шекаралары көрсетілген орман учаскелерінің жоспары (сызбасы) қоса тіркеледі.

15. Жер учаскесін беру туралы материалдарды әзірлеп, оларды жергілікті әкімнің қарауына енгізуді Қазақстан Республикасы Жер қатынастары мен жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетінің бөлімшелері жүзеге асырады.

Жер учаскелерін беру туралы өтініштерді қарап, олар бойынша шешімдер қабылдау өтініш берген кезден бастап үш ай мерзімде жүзеге асырылады.

16. Иелігінде немесе пайдалануында жер учаскелері бар құрылтайшылар

құратын бірлескен кәсіпорындар бұл жерді аренда жағдайында пайдалану құқығын қайта ресімдеуге міндетті.

17. Пайдалануға Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шартқа сәйкес жер берілген жағдайда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

18. Шаруашылық қызметті жүзеге асыру үшін бірлескен кәсіпорындарға, халықаралық бірлестіктер мен ұйымдарға шетелдік заңды ұйымдар мен азаматтарға жер учаскесін нақты (сол жерде) бөліп беру және оларға жерді аренда жағдайында уақытша пайдалану

құқығын беретін құжаттар беру жер учаскесі орналасқан жер бойынша белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

19. Жерді аренда жағдайында уақытша пайдалану құқығын беретін шарт жерді уақытша пайдалану құқығын куәландыратын құжат болып табылады.

20. Бірлескен кәсіпорындар, халықаралық бірлестіктер мен ұйымдар, шетелдік ұйымдар мен азаматтар Қазақстан Республикасы Жер кодексінің нормалары мен талаптарын қастерлеуге міндетті.

Ескерту: Бірлескен кәсіпорындар дегеніміз -
шетелдік кәсіпорын қатысатын
бірлескен кәсіпорындар.